



ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Бекітемін

«Торайғыров университеті»
КЕАҚ Басқарма Төрағасының АЖ
жөніндегі орынбасарының м.а.

_____ П. Быков

_____ 2020 жылы



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮДЕРІСТЕРІН БАСҚАРУ

СМЖ ҰС 8.06.3-20

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Павлодар

2020

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕНДІ Жұмыс тобымен.

2 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР

2.1 Жұмыс тобының жетекшісі: М. С. Қрыкбаева – ғылым және коммерциализация бөлімінің ғылыми қызмет жөніндегі кеңесші.

2.2 А. Т. Жолдасбаева – ғылым және коммерциализация бөлімінің ғылыми қызмет жөніндегі кеңесші.

3 ЕНГІЗІЛДІ Ғылыми-инновациялық НUB.

4 БЕКІТІЛДІ 2020 жыл 26 08 № 7.1-09/068 бұйрығымен

5 ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ 2020 жыл 26 08

6 ПМУ ҰС 8.06.2-17 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

7 САРАПТАМАЛЫҚ ТОП

7.1 Сараптау комиссиясының басшысы: С. Б. Шарипов – ғылыми-инновациялық НUB директорының м.а.

7.2 Т. С. Абуkenов – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы.

7.3 Нормабәқылаушы: Г. С. Баяхметова – аккредиттеу және сапа менеджменті жүйесі кеңесінің сапа жөніндегі инженері.

8 ТЕКСЕРУ КЕЗЕНДІЛІГІ стандарт 3 жылда 1 рет.

2

ҚҰЖАТТЫ РҰҚСАТСЫЗ КӨШІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Осы құжат «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының-ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды»

Осы құжат «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының-ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды»

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жауапкершілік және өкілеттіктері	5
6 Жалпы ережелер	6
7 Талаптар	8
8 Келісу, сақтау, тарату	10
9 Өзгертулер	11
А қосымшасы Келісу парағы	12
Б қосымшасы Танысу парағы	13
В қосымшасы Тексеру кезеңділігін есепке алу парағы	14
Г қосымшасы Өзгертулер мен толықтырулар тіркеу парағы	15
Библиография	16

1 Қолдану саласы

1.1 Осы ұйым стандарты студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін басқару процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тартудың мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың жалпы тәсілі мен негізгі принциптерін анықтайды.

1.2 Осы ұйым стандартын «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының барлық бөлімшелері қолданады.

1.3 Осы стандарт сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құжаттама құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі стандарттар мен құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ХС ИСО 9000-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

ХС ИСО 9001-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ҚР 7.5-01/02 Құжатталған ақпаратты басқару.

СМЖ ҰС 5.02.4-20 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ХС ИСО 9000, СМЖ ҰС 4.01.5 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы стандартта келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

АжСМЖК – аккредиттеу және сапа менеджменті жүйесі кеңсесі.

ҒЗЗ – ғылыми-зерттеу зертханасы.

ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы.

ҒЖ – ғылыми жұмыс.

ҒИ HUB – ғылыми-инновациялық HUB.

ҒЖКБ – ғылым және коммерциализация бөлімі.

ҒЖжХЫ жөніндегі Басқарма төрағасы орынбасарының м. а. – ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Басқарма төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы.

ЖТЖ – жұмыс тобының жетекшісі.

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

ҚББ – құрылымдық бөлімшенің басшысы

ҚҚЕЖМССБ – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы.

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам.

М.а. – міндетін атқарушы.

НҚ – нормативтік құжат

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам.

СҒЗЖ – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы.

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі.

Технопарк – «Торайғыров университеті» КЕАҚ «Ертіс» инновациялық-технологиялық паркі.

ҰС – ұйым стандарты.

5 Жауапкершілік және өкілеттіктері

Осы ұйым стандартын әзірлеу, келісу, бекітуге ұсыну, сақтау бойынша жауапкершілік пен өкілеттіктер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Жауапкершілік матрицасы

Қызмет түрлері	Жауапты орындаушы		
	АЖ жөніндегі Басқарма төрағасы орынбасарының м.а.	ЖТЖ	АжСМЖК
Осы СМЖ ҰС әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту процесін басқару		X	
Осы СМЖ ҰС талаптарын әзірлеу, оның нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі		X	
Осы СМЖ ҰС бекіту	X		
Осы СМЖ ҰС көрсетілген талаптарды енгізу	X		
СМЖ ҚП 7.5-01/02 сәйкес осы СМЖ ҰС басқару			X
СМЖ ҰС түпнұсқасының сақталуына және «Торайғыров университеті» КЕАҚ Білім беру порталының электрондық нұсқасында орналастырылуына жауапкершілік			X

6 Жалпы ережелер

6.1 СҒЗЖ жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлаудың түпкі мақсаттарына жауап беруі, университеттің бірыңғай ғылыми кешеніне кіруі

5

ҚҰЖАТТЫ РҰҚСАТСЫЗ КӨШІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Осы құжат «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының-ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды»

және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың бастапқы сатысы болуы тиіс.

6.2 Студенттердің ғылыми зерттеулерінің тақырыбы оқу процесімен, оның жалғасуымен тығыз байланысты болуы тиіс. Әдетте, ғылыми зерттеулердің тақырыбы университет түлегінің кейінгі кәсіби (өндірістік немесе ғылыми) қызметіне бағытталған қолданбалы сипатқа ие болуы және өндірістің нақты мәселелерін шешуі тиіс.

6.3 Университетте СҒЗЖ тікелей ұйымдастыру кафедра меңгерушілеріне жүктеледі, олар осы қызметте Қазақстан Республикасының Заңдарымен басшылыққа алады: «Білім туралы» [1], «Ғылым туралы» [2]; регламенттейтін құжаттар: «Жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру қағидалары» [3], «Студенттік ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже» [4], «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы [5], Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ осы ҰС.

Факультетте СҒЗЖ-ны басқаруды деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

6.4 СҒЗЖ мақсаты мен негізгі міндеттері

6.4.1 СҒЗЖ мақсаты нарықтық экономика жағдайында олардың қажеттілігін қамтамасыз ететін жоғары білімі бар мамандарды даярлау және тәрбиелеу сапасын арттыру болып табылады.

6.4.2 СҒЗЖ студенттерде ғылыми-зерттеу еңбегінің дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық бастаманы дамытуға және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін практикада қолдану қабілетіне бағытталуы тиіс, бұл қазіргі заманғы мамандарды даярлау талаптарына жауап береді.

Студенттерді ҒЖ-ға тарту университеттің шаруашылық келісім-шарттық және мемлекеттік бюджеттік тақырыптарын орындауда, сондай-ақ зертханалық базаны жетілдіруде, әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуде және оқу процесінің басқа да мәселелерін шешуде нақты көмек алуға мүмкіндік береді.

6.4.3 СҒЗЖ негізгі міндеттері болып табылады:

- студенттерді дайындау деңгейін ескере отырып, шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлеріне сараланған түрде тарту;
- студенттерді ғылыми зерттеу әдістерімен, эксперимент жүргізу әдістемесімен және шешім қабылдау теориясымен таныстыру;
- отандық және шетелдік әдебиеттермен тұрақты жұмыс істеу дағдысы мен қажеттілігін қалыптастыру, патенттік қормен жұмыс істей білу;
- заманауи ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қарым-қатынас әдістерін меңгеру (Интернет, электрондық пошта және т. б.);

- міндеттерді қиындату және ғылыми ізденістер ауқымын кеңейту есебінен студенттердің зерттеу жұмысына үздіксіз қатысуы;
- жобалармен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, кәсіпорындармен байланысқа негізделген ҒЖ нақтылығы мен өзектілігі;
- студенттердің танымның ғылыми әдісін меңгеруі, оқу материалын тереңдетілген және шығармашылықпен меңгеруі;
- ғылыми және техникалық міндеттерді өз бетінше шешу әдістері мен құралдарына, ғылыми ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларына оқыту, ҒЖ ұйымдастыру әдістерімен таныстыру;
- қоғамның нақты экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін ғылыми бағыттардың (жұмыстардың) өзектілігін бағалауға ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
- әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті инновациялық, ғылыми және техникалық міндеттерін табысты шешуге жәрдемдесу.

6.4.4 СҒЗЖ-ны дамытуда, ұйымдастыруды жетілдіруде және қорытындылауда студенттердің ғылыми жұмыстарының конкурстары, студенттік ғылыми конференциялар, студенттердің ғылыми және ғылыми-техникалық шығармашылық көрмелері маңызды орын алады.

6.4.5 Технопарк базасындағы жұмыс мыналарды қамтиды:

- курстық және дипломдық жобалауда, сондай-ақ оқу және өндірістік практикадан өту кезеңінде типтік емес тапсырмаларды орындау;
- ғылыми зерттеу элементтері бар тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды, курстық және дипломдық жұмыстар мен жобаларды орындау;
- рефераттар мен баяндамалар дайындаумен оқу пәндерін тереңдетіп оқыту;
- нақты тақырыптарды зерттеу, стендтерді, макеттерді, модельдерді және т. б. жобалау және жасау.

7 Талаптар

7.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау

7.1.1 СҒЗЖ оқу процесінің жалғасы болып табылады және тікелей университеттің кафедралары мен ғылыми бөлімшелерінде (ҒЗЗ, ҒЖКБ) ұйымдастырылады.

7.1.2 СҒЗЖ-н басқаруды университеттің ПОҚ жүзеге асырады. СҒЗЖ басшылығына ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері және университеттің магистранттары, докторанттары тартылуы мүмкін.

7.1.3 СҒЗЖ оқу процесіне енгізілетін ҒЗЖ және сабақтан тыс уақытта орындалатын СҒЗЖ болып бөлінеді.

7.1.4 Оқу процесіне енгізілетін СҒЗЖ:

- студенттік ғылыми қоғамдардың жиналыстарында тыңдалатын рефераттар мен баяндамалар дайындаумен оқу пәндерін тереңдетіп оқытуды;
- нақты тақырыптарды зерттеу, стендтерді, макеттерді, модельдерді және т. б. жобалау мен жасауды;
- курстық және дипломдық жобалауда, сондай-ақ оқу және өндірістік тәжірибеден өту кезінде типтік емес тапсырмаларды орындауды;
- ғылыми зерттеу элементтері бар тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды, курстық, дипломдық жұмыстар мен жобаларды орындауды қарастырады.

7.1.5 Сабақтан тыс уақытта орындалатын СҒЗЖ :

- «Торайғыров университеті» КЕАҚ технопаркіндегі студенттік конструкторлық бюродағы, оқу ҒЗЖ-дағы, дипломдық жобалау зертханасындағы жұмыстар түрінде;
- студенттердің топтармен немесе жеке тәртіппен мемлекеттік бюджеттік немесе шаруашылық келісім-шарт тақырыптарын орындауға, шығармашылық ынтымақтастық бойынша жұмыстарға және кафедраларда орындалатын оқытушылардың жеке жоспарларына қатысуы түрінде;
- сурет және көркем сурет, мүсін және макеттеу шығармашылық шеберханаларындағы жұмыс түрінде;
- көрмелерге, конференцияларға және симпозиумдарға қатысу түрінде ұйымдастырылады.

7.1.6 Студенттер, әдетте, ЖОО кафедралары мен ғылыми бөлімшелері өткізетін ҒЗЖ орындаушылар санына қосылады. Осы жұмыстарды орындауға тартылған студенттерге берілген тапсырмалар шығармашылық элементтерді қамтуы керек.

7.1.7 ҒЗЖ-да қоғамдық, гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласында дербес ҒЖ элементтерін орындайтын студенттер қатысады деп саналады. СҒЗЖ есепті, студенттік ғылыми семинарлар, конкурстар және т. б. отырыстарында баяндаманы міндетті түрде ұсынумен аяқталады. Студенттердің оқу уақытынан тыс сәтті орындаған және оқу бағдарламаларының талаптарына жауап беретін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және шығармашылық-орындаушылық жұмыстары сәйкес зертханалық жұмыстар, курстық және дипломдық жобалар/жұмыстар, басқа да оқу тапсырмалары ретінде есепке алынуы мүмкін.

7.1.8 СҒЗЖ оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларына және ЖОО-ның оқу-тәрбие, ғылыми жұмыстарының жалпы жоспарларына енгізіледі. СҒЗЖ нәтижелері университеттің жыл сайынғы есебінде «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімінде жарияланады.

7.1.9 СҒЗЖ ұйымдастырылуы студенттердің университеттегі бүкіл оқу барысында ҒЖ-да үздіксіз қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

7.2 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын материалдық қамтамасыз ету

7.2.1 Студенттердің кафедраларда, ЖОО-ның ғылыми мекемелерінде орындайтын ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды жүргізумен байланысты қажетті материалдық шығындар (жабдықтарға, энергияға, химикаттарға және т. б.) белгіленген тәртіппен ЖОО-на ҒЗЖ-на мемлекеттік бюджет бойынша бөлінетін қаражат есебінен және шаруашылық шарттар жасалған тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен жүргізіледі. Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінде олардың жұмсалыуына СҒЗЖ-на қаражат бөлуді Басқарма Төрағасының-ректорының м.а. жүзеге асырады.

7.2.2 ҒЗЖ-ға қатысатын студенттер университеттің оқу және ғылыми бөлімшелерінің жабдықтарын, құралдарын және құралдарын пайдаланады.

7.3 Студенттерді және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетекшілерін көтермелеу шаралары

7.3.1 СҒЗЖ жетілдіру бойынша ынталандырудың маңызды факторы университетте жыл сайын өткізілетін байқау-конкурстар, пәндік олимпиадалар, түрлі конференциялар болып табылады. Қорытындыларды өткізу кезінде студенттердің конференцияларда, конкурстарда ғылыми баяндамалары, ғылыми жұмыстардың жарияланымдары және студенттердің қатысуымен өнертабысқа өтінімдер, оң шешімдер, алдын ала патенттер, патенттер, курстық және дипломдық жобалар/жұмыстар дайындау, студенттік ғылыми әзірлемелерді енгізу және пайдалану және т. б. ескерілуі тиіс.

7.3.2 ҒЗЖ-да жеткен жетістіктері үшін және ғылыми мен шығармашылық қызметті ынталандыру үшін студенттер марапатталуы мүмкін:

- ЖОО дипломдарымен;
- дипломдармен және грамоталармен;
- ақшалай сыйақылармен;
- бағалы сыйлықтар мен жүлделермен;
- кітаптармен (оқу құралдарымен).

Белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жақсы үлгеріммен үйлестіретін студенттер оқу жоспарын орындаудың жеке кестесін құруға ұсынылуы мүмкін.

7.3.3. Университеттің Басқарма Төрағасының-ректорының м.а. үлгерімі жақсы болған жағдайда ҒЗЖ орындауға қатысатын студенттерді белгіленген тәртіппен олардың еңбегіне ақы төлей отырып, жұмысқа қабылдауға құқылы.

Диплом алдындағы тәжірибе кезінде студенттер тиісті лауазымдарға толық жұмыс күніне жұмысқа қабылдануы мүмкін.

8 Келісу, сақтау, тарату

8.1 Осы ҰС-ның жобасын пікірге жіберуді жұмыс тобы жүзеге асырады. Пікірді алғысөзде құрамы көрсетілген сараптамалық тобы береді.

8.2 Осы ҰС-ның жобасын келісу ҒЖЖХЫ жөніндегі Басқарма төрағасы орынбасарының м.а., АжСМЖК бастығымен, АжСМЖК нормобақылаушысымен жүзеге асырылады және келісу парағында ресімделеді.

8.3 Осы ҰС-н (түпнұсқасын) АжСМЖК-не сақтауға беруге ЖТЖ жауапты.

8.4 Түпнұсқаны сақтау, тираждау, есепке алынған жұмыс даналарын тарату (қажет болған жағдайда) және осы ҰС-ның электрондық нұсқасын «Торайғыров университеті» КЕАҚ Білім беру порталында орналастыру жауапкершілігі АжСМЖК-не жүктеледі.

8.5 есепке алынған жұмыс даналарын беру (қажет болған жағдайда) СМЖ ҚП 7.5-01/02 сәйкес тіркелуі тиіс.

8.6 Осы ҰС-ның есепке алынған жұмыс даналарының сақталуына (қажет болған жағдайда) СМЖ ҚП 7.5-01/02 сәйкес ҚББ жауапты болады.

9 Өзгертулер




Осы ҰС-ның «Өзгерістер туралы хабарламаларды» әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу СМЖ ҚП 7.5-01/02 сәйкес жүргізілуі және СМЖ ҰС 4.01.5 сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағында тіркелуі тиіс.

Студенттердің ғылыми-зерттеу
қызметінің үдерістерін басқару

СМЖ ҰС 8.06.3-20

А қосымшасы
(міндетті)

СМЖ ҰС Н 4.01.5/01

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ		
Қызметі, аты-жөні.	Келісу күні	Қолы
ҒЖЖХЫ жөніндегі Басқарма төрағасы орынбасарының м.а. Ержанов Н. Т.	<u>26</u> <u>08</u> 20 <u>20</u> ЖЫЛ	 (қолы)
АжСМЖК басшысы Матенова Ж. Н.	<u>26</u> <u>08</u> 20 <u>20</u> ЖЫЛ	 (қолы)
Нормобақылаушы: АжСМЖК сапа жөніндегі инженері Баяхметова Г. С.	<u>26</u> <u>08</u> 20 <u>20</u> ЖЫЛ	 (қолы)

11

ҚҰЖАТТЫ РҰҚСАТСЫЗ КӨШІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Осы құжат «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының-
ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және
таратылмайды»

Осы құжат «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының-
ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және
таратылмайды»

Библиография

[1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.

[2] «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңы.

[3] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары.

[4] Студенттік ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже.

[5] «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы.

ОӘК: 378.1: 001.89: 057.875:006.037

Кілтті сөздер: студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы, талаптар, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын басқару, тәжірибе, оқу процесі, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп, ғылыми-зерттеу орталығы.
